

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы N 7 Нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 15 Нормативтік қаулысы.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2016 № 15 Нормативтік қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын сот тәжірибесінде дұрыс және біркелкі қолдану жөнінде мәселелердің туындауына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (әрі қарай - Заң) 2003 жылғы 9 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілгенін соттардың назарда ұстағандары жөн.

2. Соттар Заңды қолдану кезінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (әрі қарай - ҚК) 5-бабының әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, жауаптылықты немесе жазаны жеңілдететін немесе қылмыс жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен жеңілдететін заңның кері күші болатыны, яғни осындай заң күшіне енгенге дейін тиісті әрекет жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ соттылығы бар адамдарға қолданылатындығы туралы талаптарын қатаң сақтаулары тиіс.

3. Қылмыстық әрекет жаңа қылмыстық заңмен жойылған жағдайда қылмыс құрамын қылмыс деп танымау), осындай әрекет үшін сотталған адам сотталмаған адам деп танылады, ал осы соттау фактісі қылмыстық-құқықтық салдарға әкеп соқпайды және қылмыстық процесті жүргізуші орган қылмыстың бірнеше рет жасалуы, қылмыстың қайталануы, жаза тағайындау кезінде есепке алмайды.

4. Заңмен ҚК-нің 58-бабының екінші бөлігінде кішігірім және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша жаза қылмыстар жиынтығы бойынша тек қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен тағайындалады деп белгіленген.

Осыған байланысты, егер Заң қолданысқа енгізілгенге дейін, адам кішігірім немесе ауырлығы орташа қылмыстар жиынтығы бойынша сотталса және оған жаза, жазаларды ішінара немесе толық қосу жолымен тағайындалса, онда сот уәкілетті органның ұсынымы немесе сотталғанның өтініші бойынша жазаны үкімді орындау тәртібімен жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен анықтауы тиіс.

5. Заңмен ҚК-нің 58-бабының үшінші бөлігіне қылмыстар жиынтығы бойынша қатаңдығы жеңілірек Жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен жаза тағайындаудың қосымша ережесі енгізілді.

Осыған байланысты, егер Заң қолданысқа енгізілгенге дейін, адам ең болмағанда бір ауыр немесе ерекше ауыр қылмысты қамтитын қылмыстардың жиынтығы бойынша сотталса және оған жаза, жазаларды ішінара немесе толық қосу жолымен тағайындалса, онда сот қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру ережесін үкімді орындау тәртібімен қолдануға және сотталғанның жазасын кемітуге құқылы емес.

6. Адам Заң қолданысқа енгізілгенге дейін ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар санатына жатқызылған қылмыстар үшін сотталған жағдайда және оған жаза қылмыстар жиынтығы бойынша жазаларды ішінара немесе толық қосу жолымен тағайындалса, онда сот, егер осы әрекеттер Заңмен кішігірім немесе орташа ауырлықтағы санатқа жатқызылса, үкімді орындау тәртібімен қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру ережесін қолданады.

7. Сот үкімді орындауға байланысты мәселелерді қарау кезінде сот үкімін жасалған қылмысты дәрежелену, дәлелдемелерге баға беру, қылмыстық процесте азаматтық талапты шешу бөлігінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 453-бабымен көзделмеген басқа да мәселелер бойынша қайта қарауға құқылы емес.

8. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ресми жарияланған күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

жалпы отырыс хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК